

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

7М01605 – ТАРИХ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХЫ

«Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» кафедрасы

7M01605 –Тарих- Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы әлеуметтік тарихы
7M01605- История- Социальная история нового и новейшего времени Казахстана

<i>№</i>	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	ECTS
	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)	
	Күнделіктілік тарихы: методология және зерттеу әдістері	
1	Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың күнделікті өмірі (XIX-XX ғ. басы)	
	Пәннің мақсаты: Әлеуметтік тарихтағы әдіснамалық парадигмаларды игеру. Мазмұны: «Жаңа әлеуметтік тарих» кезеңдері, бағыты, құрамдас компоненттері, зерттеу объектісі, әдістері. Әлеуметтік тарихтың деректері. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Жаңа әлеуметтік категориялар, діни құрамы, иерархиялық жүйесі, шендер, рангтер. Қазақ тұрғындары: саны, әлеуметтік, отбасылық құрамы, жас ерекшелік топтар. Қалыптасатын дағдылар: әлеуметтік тарих әдістерін қолдану.	5
2	1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғам және билік: түйінді мәселелер	
	Пәннің мақсаты: Күнделікті тарихтың методологиясын игеру. Мазмұны: Биліктің саяси, экономикалық, мәдени саладағы әлеуметтік қайта құрулар бағдарламасы. Қазақстанда «социалистік құрылысты» жүзеге асырудың технологиясы мен механизмі. 1930 жылдардағы кеңес қоғамы өмірінің көкейкесті мәселелері. Айғақтар негізіндегі қарапайым азаматтардың қоғамдық көңіл-күйі. Колхозшылардың өз өмірі туралы хаттары мен шағымдары. Дағдылар: микротарихтың талдау әдістерін қолданады.	5
3	Қазақстан тұрғындарының мәдени және діни тәжірибелері (XIX-XX ғ. басы)	
	Пәннің мақсаты: Дін мен мәдениетке қатысты имперлік саясатты қарастыру. Мазмұны: Тұрғындардың мәдени және діни тәжірибесі: негізгі конфессиялардың мінәжат орындары мен ғибадатхана кешендерінің ерекшелігі. Қала, ауылдағы дінге, мінәжат орындарына қатысты имперлік саясат. Діни тәжірибедегі салт-жоралар. Мәдени тәжірибе: түрлері, мерекелер, салт-дәстүрлер, тамақтану. Қалыптасатын дағдылар: күнделікті мәдениетке қатысты мәтіндерді талдау.	5
	Әлеуметтік құрылым және қоғамдық-саяси өмір	
4	1920-1930 жылдардағы қазақ қоғамы: әлеуметтік трансформациясы және күнделіктілігі	
	Пәннің мақсаты: Өзгеріс кезеңіндегі күнделікті өмірді жан-жақты зерттеу. Мазмұны: Партиялық-мемлекеттік құрылым. саяси насихат жүйесі. Білім, медицина және мәдениет саласындағы әлеуметтік саясат. Демографиялық жағдай: халықтың саны мен құрамы, өзгеру динамикасы. Азық-түлік ресурстары. Қала және ауыл тұрғындарының еңбек қызметі. Күнделікті өмірдің материалдық және тұрмыстық аспектілері. Қалыптасатын дағдылар: «Күнделіктілік» контентінің ерекшелігін ұғыну.	5
5	1920-1960 жылдардағы Қазақстан қала тұрғындарының күнделікті өмірі	
	Пәннің мақсаты: Қаланың күнделікті өміріне кешенді талдау жасау. Мазмұны: Қала әлеуетінің әлеуметтік құрылымы. Тұрғындардың саны мен құрамы. Қалалық отбасы. Қаланың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірі. Қоғамдық өндірістегі еңбек. Білім деңгейі. Қалалықтардың тұрғын-үй, тұрмыстық жағдайы, бос уақыты, күнделікті мәдени өмірі. Тамақ сапасы мен киім стилі. Дағдылар: Әлеуметтік тарихтың әдістері мен статистикалық талдауды қолдану.	5
6	1945-1991 жылдары Қазақстандағы кеңестік педагогтардың әлеуметтік өмірі мен тұрмысы	
	Пәннің мақсаты: Кеңестік педагогтардың күнделікті өмірін зерттеу және талдау. Мазмұны: Кеңес қоғамының әлеуметтік құрылымы. Билік пен идеология. Педагогтардың сандық, этникалық, гендерлік сипаттамасы. Әлеуметтік-құқықтық, материалдық жағдайы. Педагогикалық білімі. Кәсіптік-біліктілік деңгейі. Қоғамдық-мәдени және саяси келбеті. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен тұрмысы. Қоғамдық жұмыс. Өмір-сүру жағдайы. Қалыптасатын дағдылар: Мәдениеттің күнделіктілігі бойынша түсінікті игеру	5

**7M01605 –Тарих- Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы әлеуметтік тарихы
7M01605- История- Социальная история нового и новейшего времени Казахстана**

	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	
	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)	
	Қолданбалы және пәнаралық тарих	
7	Тарихи зерттеудегі әлеуметтік ғылымның әдістері	
	Пәннің мақсаты: Әлеуметтік зерттеу әдістерін білу. Мазмұны: Әлеуметтік зерттеулер,оның түрлері. Зерттеу бағдарламасының теориялық дайындығы: мәселені анықтау, оны алдын-ала талдау, алгоритм құру. Жұмыс жоспары, құрылымы, әлеуметтік зерттеу әдістері, әлеуметтік ақпарат жинау: таңдау, талдау, бақылау, салыстыру, сауалнамалық сұрақ, интервью, эксперимент. Қорытынды, ұсыныс, жиынтықты талдау мен түсіндірудің тәсілдері. Дағдылар: социологиялық зерттеу дағдыларын қалыптастырады.	5
8	Қазіргі тарихи зерттеудегі антропологиялық ұстаным	
	Мақсаты: антропологиялық ұстанымды зерттеу. Мазмұны: Антропология: терминнің жалпы мәтініне сипаттама. Антропологиялық зерттеулердің өкілдері.Зерттеу пәні, объектісі. Пән ерекшелігі. Объектілердің түрлері. Теориялық негіздері, принциптері. Негізгі тұжырымдар мен мәселелері. Этникалық модельдері. Әлеуметтік және мәдени антропологияның белгілері. Әлеуметтік ұйымның формасы, құрылымы. Саналы, санасыз мәдениет. Батыс-Шығыс мәдени парадигмасы. Дағдылар: мәдени және әлеуметтік антропологияны талдау.	5
9	XVIII-XX ғ. бас кезеңіндегі Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы	
	Мақсаты: Әлеуметтік тарих парадигмаларының негізгі әдістемелерін меңгеру. Мазмұны: «Жаңа әлеуметтік тарих»: мазмұны, әлеуметтану, демографиямен тоғысуы. Жаңа әлеуметтік топтардың, аз ұлттардың, қала тұрғындарының, әйелдердің, балалардың тарихы. Әлеуметтік құрылым мен ұтқырлық: адамдардың өмір сүру тәжірибиесі. XVIII- XX басындағы Қазақстан тарихы материалдары негізіндегі әлеуметтік тарих. Қалыптасатын дағдылар: пәнаралық ұстаным негізінде талдау.	5
10	Далалық өлке мен Түркістанның жаңа имперлік тарихы (XVIII-XXғ басы)	
	Мақсаты: Ресейдің имперлік тарихын зерттеу Мазмұны: Зерттеулердегі жаңа имперлік тарих. Ресей империясы: жаңғырту үрдісі, оның Далалық өлке, Түркістанға әсері. Имперлік тарихи феноменді, басқару тәжірибиесін, жергілікті тұрғынның өмірін зерттеу. Имперлік жағдайдағы адам. Өзім, бөгде, өзгелер ресми және жергілікті нарративтегі имперлік дискурста Қалыптасатын дағдылар: әлеуметтік тарихтағы тарихнамалық талдау дағдыларын игеру	5
	Әлеуметтік тарихтың деректері мен негізгі парадигмалары	
11	Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы әлеуметтік тарихының деректері	
	Мақсаты: Деректерді кешенді талдау. Мазмұны: Құжаттар құрылымын талдау мен жіктеу. Әлеуметтік тарихтың тарихи деректерінің түрлері, тұрпаты, түсіндермесі.Актілік деректер мен тіркеу құжаттамасы. Мерзімдік басылым, жеке тұлғаға қатысты құжаттар. Жеке істердің мәліметтерін талдау. Мемуарлардың түрлері. Хат, өтініш, арыз, шағым. Сот тергеу материалдары және Кеңес дәуірінің хабарламасы. Дағдылар: әр түрлі деректермен жұмыс жасау	5
12	XVIII- XX ғ бас кезеңіндегі эпистолярлық мұрадағы қазақ сұлтандары.	
	Мақсаты: Қазақ сұлтандарының хаттарына деректанушылық талдау. Мазмұны. Қазақ сұлтандарының әлеуметтік тұрпаты, құқықтық мәртебесі, құрамы, саны. Билік және сұлтандар.Жергілікті өзін-өзі басқару мекемелеріндегі сұлтандар өкілі. Жалпы сипаттама. Жергілікті билік органдарының әс-әрекетіне жазбаша шағымдар. Ресейлік реформалар қазақ сұлтандарының бағалауында. Хаттар бойынша хан, сұлтандардың әлеуметтік өмірі. Қалыптасатын дағдылар: әлеуметтік тарихтың әдістерін пайдалану	5

7M01605 –Тарих- Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы әлеуметтік тарихы
7M01605- История- Социальная история нового и новейшего времени Казахстана

13	Қазақ КСР-інің әкімшілік-саяси элитасы (1920-1953)	
	Мақсаты:Қазақ КСР-інің кадрлық саясатының теориялық негіздерін қарастыру. Мазмұны: Басқарудың ішкі құрылымы. Мемлекеттік-құқықтық институттар. Биліктің кадрлық саясаты.Әр түрлі деңгейдегі парторгандар номенклатурасы. Артықшылықтың өсуі. Корпоративтік мүдделер. Бюрократизм. Орталық және аймақтық элиталардың әрекеттестігі. Саны, білімі, әлеуметтік және этникалық құрамы. Психологиялық бейнесі. Билік пен қоғам. Қалыптасатын дағдылар: әлеуметтік тарихтың әдіснамалық парадигмаларының негіздерін игеру	5
14	Отбасы институты: тарихи-әлеуметтік аспектісі	
	Мақсаты. Отбасы институтының негізгі мәселелері, ерекшелігі мен үрдісін зерделеу. Мазмұны: Дәстүрлі қазақ қоғамындағы неке-отбасы қатынастары. Кеңестік отбасының идеологиялық үлгісін қалыптастыру. Қазіргі жаһандағы отбасы әлеуметтік институты. Отбасы құрылымы. Өмірлік цикл. Отбасылық өмірдің құқықтық, демографиялық, әлеуметтік мәдени аспектісі. Моногамды отбасының дағдарысы. Мемлекеттің отбасылық саясаты. Қалыптасатын дағдылар: микротарихи талдаудың әдістемесін қолдану	5